

**МРНТИ 18.31.09**

Қ.М. Өзенбаева

«Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: [uzenbaeva80@inbox.ru](mailto:uzenbaeva80@inbox.ru))

**Оқушылар арасындағы ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастырудың педогогикалық–психологиялық негіздері**

**Аннотация:** Бұл мақалада оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда жасалып жатқан жұмыстарды көрсете отырып оларға білім беру мекемелерінің ықпалдастығы қарастырылады. Балаға тәрбие берушілер: жанұя, ата-ана, мектеп, мұғалім, қоршаған орта, жолдастар. Аталған орталар ынтымақтастығы арқылы бала тәрбиесін тиімді жүзеге асыру жолдары сараланған.

**Кілт сөздер:** Оқушылар, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі.

*XXI* ғасырда әлемдік өркениет жаңа даму сатысына көтерілді. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты - өркениетті елдер қатарында иық тірестіру. Бұл жолда болашақтың тұтқасын ұстайтын жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны тәрбиелеу маңызды орын алатыны айқын.

Дүние жүзінде және елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесінің өзекті екендігіне көз жеткізіп отыр. Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе әлемдік деңгейде қарым-қатынас проблемаларының шиеленісіп отырған шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіру, оны жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттілігі айқындала түсуде.

Қазақстан қазір өзіндік саяси және экономикалық жүйесі бар, көптеген әлем елдері мойындаған егеменді, тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіздік жағдайдағы сол жылдардың маңызды жетістігі – Қазақстан республикасы өзін бүкіл әлемге егеменді ел ретінде мойындатып, қазақ ұлтын, сондай-ақ, көпұлтты мемлекетімізді халықаралық деңгейдегі танытып бере алды. Мұнда бүгінгі таңда өзара татулық пен келісімде жүзден астам

ұлттар мен этностар, этникалық топтар өкілдері тұрады. Дамыған, өркениетті қоғам құру, құқықтық мемлекет пен толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыру қай елде болмасын, сол мемлекетте ұлттар мен халықтардың татулығынсыз мүмкін емес. Жас ұрпақтар арасындығы, яғни оқушылардың ұлтаралық қатынас мәдениет педагогикалық-психологиялық негіздерін зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселелер деп айтсақ болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту»[1], - деп, атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда : адамға жаппай әсер ету құралдары, біздің қоршаған ортамыз, атап айтқанда, мектеп қамтамасыз етеді. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті күнделікті өмірде туған - туыстар мен жақын адамдардың, сонымен қатар, қоршаған ортадағы адамдардың тәжірибесі мен мысалдары арқылы жүзеге асырылады.

Ескере керетін жайт, оқу – тәрбие жұмыстарының барлық жүйесі, барлық педагогикалық құралдар осы мәдениеттің қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін үйрету бойынша арнайы мақсатқа бағытталған жұмыстарды да ескеру қажет.

Оқу процесі аталған мәселені шешудегі маңызды мүмкіндіктерге ие болып табылады. Көптеген пәндер әлем

халықтарының тарихы, мәдениеті жайлы, ел, аймақ, ұлтаралық қарым-қатынас жайлы ақпараттарды қамтиды. Мысалы, туған Отаның жайлы оқып-зерттеу: ана тілі, Отан тарихы мен әдебиеті секілді үш пәнді тікелей қамтамасыз етеді. Бұл мәселені, сондай – ақ, география, биология, музыка, өнертапқыштық қызмет, технология және өзге де пәндер шеше алады.

Оқу мекемелерінің артықшылығы - олардың құрамы бойынша көпұлттылығында, сол себепті, жастар ұжымында ұлттық мәдениетке, тілге, өзге мәдениетке, және жалпы адамдарға деген құрметті қалыптастыру қажет. Оған көп жағдайда жасөспірімдердің жастары - яғни, интеллектуалды, эмоционалды және мінез – құлықтық белсенділіктің пайда болу кезеңі, сонымен қатар, мектептің моральды-психологиялық және адамгершіліктік ахуалы жағымды әсер етеді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін үйрету әдістемесі мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас іліміне негізделеді. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін үйрету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру кезінде мұғалімдер төмендегілерді біліп, ескерулері қажет:

1. әр баланың өзіндік ерекшеліктері, отбасындағы тәрбие мен отбасылық мәдениеттің ерекшеліктері;

2.білім алушылар ұжымының ұлттық құрамы;

3.балалар арасындағы мәселелер, олардың себептері;

4.қоршаған ортаның мәдени ерекшеліктері, мәдениеттің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық ерекшеліктері, олардың әсер етуімен оқушылар мен олардың отбасындағы ұлтаралық қарым-қатынастар орнатылады[2].

Мұғалімдер, жағдайды зерттеп - талдай келе, оқушылардағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін үйретудің тиімді формаларын іздеп, бұл жұмыстың нақты мазмұнын анықтайды.

Елбасы кітапханасы Ғылыми-білім беру бағдарламасының аясында ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөліп, болашақтың кілтін ұстайтын жастарды білім мен ғылымға бағыттап, саналы тәрбие беретін түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізіп келеді. Соның бірі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігін қалыптастыру мен дамытудағы рөлін жан-жақты қарастыратын дәрістер топтамасы. Біздің тәжірибемізде «Астана – рухани келісім мекені» дәрісінде

еліміздің брендіне айналған ұлтаралық татулық пен келісімге жан-жақты зерттеу жүргізіп, оны ұлттық жетістігіміздің биік шыңы ретінде жастардың санасына сіңіруді көздейміз.

Дәрістің мақсаты: қоғамдық сананың бір түрі болып табылатын әлемдік ірі діндермен, олардың әдет-ғұрып элементтерімен таныстыру, балалар бойында толеранттылық сананы (төзімділік, кішіпейілділік) қалыптастыру, әлем халықтарының сеніміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Негізгі міндеті: Қазақстандағы ұлтаралық этностаралық татуластық туралы түсінік беру және дінге деген көзқарасты қоғам дамуының мәдени - тарихи факторы ретінде қарауға көзқарастарын қалыптастыру[5].

Адамдардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, айналаға мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді қамтамасыз етуге, татулық пен тыныштыққа қызмет етіп қана қоймай, адамның жан дүниесін иман нұрымен нұрландырып, көркем мінез бен сабырды серік етуге жетелейтін бірден-бір ілім – дін. Мемлекеттің ең басты байлығы – адам болғандықтан, оны тура жолға бағыттап, ақ пен қараны ажыратуда діннің алар орны ерекше.

Конфессияаралық татулықты нығайту республикамызда тұрақтылыққа қол жеткізу мен бейбітшілікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып табылады. Елордамыз Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі еліміздің бітімгерлік әлеуетінің өсуінің сенімді дәлелі болды. Бүгінде Қазақстан – 130-ден астам ұлт пен ұлыс және барлық әлемдік негізгі конфессиялардың өкілдері тұратын ел. Республиканың қоғамдық өмірінде діннің рөлі артып, оның имандылық, рухани және әлеуметтік функциялары күшейе түскен. Жастардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, айналаға мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді қамтамасыз етуге, татулық пен тыныштыққа қызмет етіп қана қоймай, адамның жан дүниесін иман нұрымен нұрландырып, көркем мінез бен сабырды серік етуге жетелейтін бірден-бір ілім – дін. Мемлекеттің ең басты байлығы – адам болғандықтан, оны тура жолға бағыттап, ақ пен қараны ажыратуда діннің алар орны ерекше.

2001 жылдың 22–25 қыркүйегі аралығында Президент Н.Ә. Назарбаевтың шақыруымен Қазақстанға мемлекеттік сапармен

католик шіркеуінің басшысы – Рим Папасы Иоанн Павел II келді. Бұл шешімін Иоанн Павел II, жаппай қырып-жою қаруынан бас тартып, 130-нан астам ұлт пен ұлыстардың бір шаңырақтың астында бірлік пен ынтамақта өмір сүріп жатқан елге көрсетіп жатқан құрметі деп түсіндірді.

Сапар барысында Рим Папасы Астанадағы «Отан қорғаушылар» монументі жанындағы алаңда Қазақстан және Орталық Азия католиктеріне арнап Қасиетті месса өткізді. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Украина, Литва және т.б. елдерден 35 мыңдай адам қатысты. Иоанн Павел II құдайға құлшылықты орыс, ағылшын, поляк, неміс және қазақ тілдерінде жүргізді [6].

Рим Папасы Қазақстан халқына Астанаға сапары кезінде өзіне көрсетілген айрықша құрметі үшін, конфессиялар мен халықтар арасындағы бірлік пен келісімді нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты Пий орденімен марапаттау арқылы зор ризашылығын білдірді.

«Біз бұл награданы мемлекетіміздің көп этносты және көп конфессиялы қоғамда тыныштық пен келісімге қол жеткізу жөніндегі күш-жігерінің жоғары бағалануы деп қабылдаймыз», – деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2003 жылдың 6 ақпанындағы Италия Республикасына ресми сапары барысындағы Рим Папасы Иоанн Павел II кездесуінде [7].

Пий ордені – «Рим Понтификі ізетінің айрықша белгісі ретінде халықтардың жоғары билеушілері мен өте жоғары мәртебе иелеріне тапсыратын негізінен діни емес сипаттағы награда. Осы Кавалерлік Орден арқылы өздерінің белгілі істерімен шіркеу мен мемлекетке еңбегі сіңген адамдарға тиісті құрмет көрсетіледі [9].

Қазақстанның бірлігі берік, татулығы жарасқан қоғам құрудағы тарихи тәжірибесі дін басшыларының басын қосып, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін шақыруға мүмкіндік берді. Мемлекет басшысының бастамасымен дүниеге келген съезд бүгінгі таңда әр үш жыл сайын шақырылып келеді. Мәселен, бірінші съезд алаңында 13 елден келген дін басшылары мен құрметті меймандар бас қосса, төртінші съезге қатысу үшін Астанаға әлемнің 42 елден 82-ден астам делегация келді. Бұл

форумның он үш жыл ішінде дінаралық үнқатысудың бірегей алаңы ретінде орныққанын айқындайды.

Съездің басты ерекшелігі өз қызметін атқару барысында әлемдік конфессия өкілдерімен шектеліп қана қоймай, мемлекет басшылары мен беделді саясаткерлерді, сонымен қатар халықаралық ұйым мүшелерін де қамтиды. Бұл жағдай өз кезегінде әлемде қауіпсіздікті нығайтуға, мәдениет пен өркениеттер арасын жақындастыруға әсер етуші тікелей шешім жолдарын қабылдауға мүмкіндік бермек.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кездесуі зорлық-зомбылық пен діни фанатизм, экстремизм және терроризмнің алдын-алуға үлкен жол ашады. Олар қарапайым халық назарына діни экстремизм мен терроризмнің астарында діни негіздің жоқ екендігін көрсетеді. Әлемдік діндердің діни сенімдері мен ұстанымдары фанатизмге, күш пен тағатсыздыққа қарсы, ал кім өзінің адамзатқа қарсы әрекетін жүзеге асыру үшін діни ұранды жамылса, онда ол дінге қарсы үлкен қылмыс жасағаны. Биылғы VI Съездің ерекшелігі 11 қазан күні Съезге қатысушыларының жұмыс күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайының жанындағы «Бейбітшілік қабырғасы» маңында ортақ дұға жасау рәсімімен басталды. Өртүрлі дін өкілдері жер бетіндегі бейбітшілік пен амандық үшін дұға жасады. «Бейбітшілік қабырғасы» монументі Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесінің идеяларын бейнелейді.

Монумент 2018 жылы 29 тамызда Елбасының қатысуымен ашылған болатын. «Бейбітшілік қабырғасы» монументінің ашылу салтанатында: «Астанада монументтің бой көтеруі тарих сабақтарынан тәлім алып, оны ұмытпауға және еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақты бағалауға үндейді. «Бейбітшілік қабырғасы» – бейбіт өмірдің құндылығын дәріптеуді және өткен тарихымыздың қасіретті кезеңдерін қайталамауды замандастарымыздың есіне салып тұратын нысан», – деп Елбасы атап айтқан болатын. Осындай елордамызда өтіп жатқан елеулі оқиғалардан хабар беретін анықтамалар менің дәрісімде ашық айтылып түсіндіріледі.

Жаңғыруға біздің менталитетке жат, соңғы уақытта кеңінен насихатталып жүрген дінді айқын экстремистік түсіндіру кедергі келтіруі мүмкін, ол азаматтарды әлеуметтік қарым-

қатынастардың ескі формаларына оралуға үгіттей отырып, адастырады. Мұндай миссионерлер бірінші кезекте кез келген реформалар мен жаңашыл инновацияларды күнәлі әрекеттерге жатқызып, мойындамайды. Бұған қоса, жаңғырту үдерістерін жүзеге асырудағы ұлттың ділдік ресурсының әлеуетін дұрыс бағаламауға болмайды. Халықтың ділдік негізінде жаңғыртудың қозғаушы күші бола алатын құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз бар. Бір жағынан, халық дәстүрлері қоғамның қажетті негізін құрайды, жалпы, үйреншікті құндылықтар негізінде ұйымшылдыққа ықпал етеді. Екінші жағынан, халықтың тарихи зердесі бетбұрысты даму кезеңінде өзгерістердің қажеттігін сездіреді, жаһандық деңгейде ұлт орнын айқындау, алдағы тарихи тағдыры осы өзгерістерге байланысты болады. Осы тұрғыдан, қазақстандық қоғамда ынтымақтастық, бірлік пен келісім құндылықтарының, толеранттылық, инновацияларға ашық болудың дәстүрлерінің болуы реформаларды іске асыруға берік негіз болады.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н. Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз[9]. Сонымен мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік жастар алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Жастардың билікке келуі, олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы әрбір міндеттері маңызды рөл атқарады. Өз өмірлерінде қателеспес

үшін әрбір қазақстандық жас осы мақаладағы көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар негізінде жұмыс жасауы қажет деп ойлаймын.

### Қорытынды

Осы ғылыми әдебиеттерді зерттей келе, ғылыми жетекшім екеуміз мынадай тұжырымдамаға келдік. Қазақ жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділік отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікті сезінетін асыл, қымбат құндылықтарымызды тынымсыз жүргізілген жұмыстардың нәтижесінің арасында екенін түсіне біліп, достық пен татулық шұғынайы мекені болған Қазақстанның тағдырына тигізуіміз керек. Бұл – біздің қасиетті борышымыз әрі міндетіміз деп санаймын.

### Әдебиет тізімі

1. НазарбаевН. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017 – 27 қараша. –Б.1–3.
2. Рухани жаңғыру өзіңнен басталады: [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: – Қол жеткізу режимі: URL. [primeminister.kz](http://primeminister.kz) (қараған күні 23.02.2018)
3. «Бірлік пен бейбітшілік жаршысы» // Егеменді Қазақстан, 2018. – 12 қазан
4. Кыдырәлі Д. Изгілік Феномені // Егемен Қазақстан, 2009 жыл – 27 маусым
5. «Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы қазақ тарихының маңызы» Ұлттық сандық тарихы сайты [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: – Қол жеткізу режимі: URL. [http://ehistory.kz/kz/contents/view/kazakstannin\\_ulttik\\_biregeiligin\\_kalipstastir\\_udagi\\_kazak\\_tarihinin\\_manizi\\_1171](http://ehistory.kz/kz/contents/view/kazakstannin_ulttik_biregeiligin_kalipstastir_udagi_kazak_tarihinin_manizi_1171) (қараған күні 23.02.2018)
6. Мусина Н. Астана – город мира и согласия, воплощение духа евразийства // Мирас. – № 2 (14). – 2010. – С. 56-64.
7. Құланбай Ә. Дінтұтқа. 2003-2013 жылдар аралығындағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақалалар, сараптамалар, сұхбаттар – Астана, 2013. – 815 б.
8. Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі. – Алматы: Өнер, 2007. – 120 б.
9. Ұлттық сана ұғымының мазмұны мен сипаты[Электрондық ресурс] // Ену тәртібі:http:– Қол жеткізу режимі: URL. //stud24.ru/psychology/lty-sana-ymunu-mazmny-men/516154-2318713-page3.html (қараған күні 23.02.2018)

К.М. Өзенбаева

*«Туран-Астана» университет, Нур-Султан, Қазақстан*



## Педагогико-психологическое основы культуры межнационального общения среди учащихся

**Аннотация:** В этой статье рассматривается взаимодействие образовательных учреждений посредством показа формирования основы культуры межнационального общения среди учащихся. Воспитатели ребенка: семья, родители, школа, учитель, окружающая среда, друзья. Проанализированы пути правильного воспитания ребенка через сотрудничество вышеуказанной среды.

**Ключевые слова:** оқушылар, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі.

K.M. Ozenbayeva

*Turan-Astana University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

## Pedagogical-psychological basis of the interethnic communication culture among the pupils

**Abstract:** In this article are discussed the interaction of educational institutions through showing formation of the basis of the interethnic communication culture among the pupils. Pupils educators: family, parents, school, teacher, environment, friends. The ways of proper upbringing of the child through the cooperation of the above environment are analyzed.

**Key words:** Pupils, interethnic culture, Congress of Leaders of World and Traditional Religions.

### References

1. Nazarbaev N. Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru [Orientation for the future: spiritual revival] Egemen Kazakstan [True Kazakhstan], 27 November, 1-3 2017. [in Kazakh]
2. Ruhani zhangyru ozinen bastalady [The spiritual revival begins with you] Pod red. d.t.n., prof. YU.N. Kazakova [Under ed. of D.Eng.Sc., Prof. Yu.N. Kazakov] ("Humanistika", St.-Petersburg, 2004). [in Russian]
3. Predvaritel'nyye rekomendatsii po proyektirovaniyu obshchezhitiy, raspolozhennykh v inventarnykh zdaniyakh [Preliminary recommendations on the design of hostels located in inventory buildings] (Stroyizdat, Moscow, 1974). [in Russian]
4. Gryaznov A.V. Spravochnik po zhilishchno-kommunal'nomu khozyaystvu na stroykakh [Handbook of housing and communal services at construction sites] (Gonti, Moscow-Leningrad, 1938). [in Russian]

5. Lazareva V.G. Smotret' tipy naseleennykh punktov. Tipologicheskiye printsipy [See the types of settlements. Typological principles] V kn.: Novyye vidy zhil'ya [In book: New types of housing] (Gonti, Leningrad, 1972). [in Russian]
6. Onufriyev V.K. Rekomendatsii po proyektirovaniyu standartov dlya zhilykh i servisnykh uchrezhdeniy mobil'nykh naseleennykh punktov na Kraynem Severe [Recommendations for the design of standards for residential and service institutions of mobile settlements in the Far North] V kn.: Materialy V Vsesoyuznoy konferentsii po obmenu opytom v stroitel'stve v surovyykh klimaticheskikh [In: Proceedings of the All-Union Conference on the exchange of experience in construction in harsh climatic conditions] (Krosnoyarsk, 1968. T.Z. No4). [in Russian]
7. Polozheniye o zhilom polevom gorodke dlya rabotnikov predpriyatiy i organizatsiy Ministerstva stroitel'stva predpriyatiy neftegazovoy otrasli [Provision on a residential field campus for employees of enterprises and organizations of the Ministry of Construction of Oil and Gas Enterprises] (Stroyizdat, Moscow, 1973). [in Russian]
8. Perspektivy razvitiya zhilishchnogo stroitel'stva v SSSR [Prospects for the development of housing in the USSR] (Stroyizdat, Moscow, 1970). [in Russian]
9. Shemshurina Ye.N. Rekomendatsii po gabaritam bytovoy tekhniki [Recommendations on the dimensions of household appliances] (Vniite, Moscow, 1968). [in Russian]